

Қазақстан – Ресей Медицина Университеті

Сандырақ.

Орындаған :Қожағұл.Г.С

Тобы: 507"Б"

Қабылдаған: Жусупова Э.Т.

Сандырақ (бред) Сандырақ ойлар (бредовые идеи) – аурудың санасын толықтай жаулап алатын және түзетуге келмейтін қате ой түйіндеулері. Сандырақтық тану пайда болған кезде сандырақ нақты мазмұнға ие болады, эмоциональды тынышталу жағдайымен жүреді, ол сандырақ кристаллизациясы деп аталады. Соңына түсу сандырағында науқас белгілі бір адамдар немесе ұйымдардың өзін құпия немесе ашық түрде соңына түсіп, жоюға әрекет жасап жүргендігіне сенеді. Әсер ету сандырағында сол аталаған ізге түсушілер науқасқа моральді немесе физикалық әсер етеді, ол үшін күрделі техникалар мен құралдарды қолданады деп есептейді.



- Әсер ету сандырағында сол аталаған ізге түсушілер науқасқа моральді немесе физикалық әсер етеді, ол үшін күрделі техникалар мен құралдарды қолданады деп есептейді.
- Улану сандырағы да соңына түсу сандырағының құрамына кіреді: науқас уландырудың негізгі көзі улы тамақ, улы заттар, дәрі, ауа, су деп есептейді. Қатынас сандырағы да соңына түсу сандырағын толықтырады.
- Қоршаған ортада болып жатқан қарапайым бұзылыстарды бұрмалап, өзіне қарсы істелініп жатқан іс-әрекет ретінде түсінеді.
- Зиян сандырағы – науқас адамдарды зиянкеш көріп, материалды немесе моральді зиян келтіруде, тонап, заттарын бүлдіреді, құқығыма қысым жасайды деп ойлайды.

тарапына ұқыпсыз, қайырымсыз, адал емес көзқарасты сезген науқас дауласуға дайын тұрады. □

- Қызғаныш сандырағы науқастың жолдасының барлық іс-әрекеттері және қоршаған ортада болып жатқан нәрселермен қатынасы жұбайлық көзге шөп салу белгілері түрінде көрінеді.

- □ Ипохондриялық сандырақ тематикасы ауыр, дауасы жоқ дерттің бар екеніне сенімділік.

- Өзін-өзі кінәлау және кемсіту сандырақтық идеялары – ипохондриялық және депрессиялық күйлердің бірге жүруі.

- Науқас өзін барлық нәрсеге кінәлі сезініп, өкініш сезімін арқалап жүреді.



Сандырақ жіктелуі:

- Біріншілік. Психиканың патологиялық өнімдері сандырақтық түрде дамиды.
- Екіншілік. Ой түйіндеу өзгерген фонда дамиды, мысалы, ауруға қауіп төндіруші есту вербальды галлюцинациялары және оған сәйкес соңына түсу сандырақтық идеялары бар.
- Жүйеленген. науқас болып жатқан оқиғаны түсінеді, алайда қиындықпен немесе ұзақ уақыт аралығында.
- Жүйеленбеген. Науқас санасында айтылған және болып жатқан оқиғалардың сарапталмауы.

Шығу тегі бойынша:

- Резидуальды сандырақ. Психоз жағдайынан кейін біршама уақыт бойы жалғыз симптом ретінде қалатын бейнелік сандырақ, науқастың жүріс-тұрысына әсер етпейді.
- Индуцирленген сандырақ. Сау адамдардағы қате пікірлердің пайда болуы сандырақпен зардап шегетін адамдармен байланысты болады: примитивті, ситуацияны сыни көзқараспен, дұрыс түйіндей алмайтын адамдарда дамиды.

Жабысқақтықтар (обсессиялар) Еріктен тыс пайда болатын, науқас ойын жаулап алатын және науқас үшін бөтен, дертті жағдай ретінде қабылданатын ойлар мен күйзелістер, науқас оларды өз ерік күшімен жеңе алмайды.

Оларды екі топқа бөлеміз: 1-бейтарап, яғни науқас үшін индифферентті, айқын эмоциялық реакциялармен жүрмейді. 2-бейнелік науқас үшін ауыр және айқын аффективті жауаппен көрінеді.

Ойлау жылдамдауы – оның темпінің жоғарылауымен сипатталады. Бұл кезде алаңдаушылық, зейін бұзылыстарына байланысты пікір беткей, аяқталмаған, үстірт болады. Ассоциативті қызмет жылдамдауының ең шегі идеялар секіруі – *fuga idearum* деп аталады.

Ойлау баяулауы – ойлау қарқынының төмендеуі, тежелуі. Науқас ойлау қызметінің қиындығына, басы босап қалған сияқты, ой тоқтауына, жоғалуына шағымданады. Сөзі баяу, кедейленген, сұрақтарға жауаптары біртекті, біраз үзілістен кейін жауап береді. Депрессиялық психозда, шизофренияда, реактивті және басқа да психоздарда кездеседі.

